

**Әлеуетті өнім берушілерге
(қосымшаға сәйкес)**

Бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысу үшін шақыру

"СК-Фармация" ЖШС (бұдан әрі – Бірыңғай дистрибьютор) сіздерді 1-қосымшаға сәйкес 2021 жылға дәрілік заттарды бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуға қатысуға шақырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы №1729 қаулысымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 323-тармағына және 341-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Бірыңғай дистрибьютор дәрілік заттарды бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдады.

Дәрілік заттардың атауы (ХПА), дәрілік нысандар, бірлік үшін бағалар, саны, жеткізу кестесі осы шақыруға қосымшада көрсетілген.

Бұл ретте бір көзден сатып алуға Қағидалардың 14-тармағының біліктілік талаптарына сәйкес келетін (шақыруға қосымшада көрсетілген лоттар бойынша) екі кезенді тендерге қатысқан әлеуетті өнім берушілер жіберіледі.

Бір көзден алу тәсілімен сатып алуға қатысуға келіскен жағдайда сізге **2021 жылғы 11 мамырдың 10 сағат 00 минутқа дейінгі** мерзімде сатып алу басқармасына Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13/3, 4-қабат мекенжайы немесе asatenova@sk-pharmacy.kz электрондық мекенжайы бойынша келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) келісім хат;
- 2) баға ұсынысы;
- 3) Қағидалардың 212 және 214-тармақтарына сәйкес әлеуетті өнім берушінің Қағидалардың 3 және 4-тарауларының талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар.

Қағидалардың 323-тармағына сәйкес бір көзден алу тәсілімен қайта сатып алу кезінде тауардың бағасы бұрын жасалған жеткізу шартының белгіленген бағасынан аспауға тиіс.

Қосымша: дәрілік заттардың атауы және әлеуетті өнім берушілердің атауы 1 парақта.

Басқарма Төрағасы

Е. Искалиев

*Орынд. Сатенова А.
Байл.тел. 55 92 46*